

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы « 2 » шілдедегі
№ 756 қаулысына
қосымша

**Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше
жағдайлардың сыныптамасы**

1. Егер авария, табиғи зілзала немесе апат салдарында төтенше жағдай аймағы объекті аумағының шегінен шықпаса, бұл ретте мынадай салдардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса:

- 1) 5-тен астам, бірақ 10-нан көп емес адам қаза болса;
- 2) 50-ден астам, бірақ 100-ден көп емес адамның тіршілік әрекеті жағдайлары бұзылса;
- 3) адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне келтірілген материалдық залалдың мөлшері бес мыңнан он бес мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткішті құраса, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай объектілікке жатады.

2. Егер авария, табиғи зілзала немесе апат салдарында төтенше жағдай аймағы өндірістік немесе әлеуметтік мақсаттағы объектінің аумағы шегінен шықса және облыстың екі ауданының шегінен шықпаса, бұл ретте мынадай салдардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса:

- 1) 10-нан астам, бірақ 50-ден көп емес адам қаза болса;
- 2) 100-ден астам, бірақ 500-ден көп емес адамның тіршілік әрекеті жағдайлары бұзылса;
- 3) адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне келтірілген материалдық залалдың мөлшері он бес мыңнан жүз мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткішті құраса, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай жергіліктіге жатады.

3. Егер авария, табиғи зілзала немесе апат салдарында төтенше жағдай аймағы бір облыстың кемінде үш ауданының аумағын қамтыса не төтенше жағдай Қазақстан Республикасының екі облысының аумағында болса, бұл ретте мынадай салдардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса:

- 1) 50-ден астам, бірақ 200-ден көп емес адам қаза болса;
- 2) 500-ден астам, бірақ 1500-ден көп емес адамның тіршілік әрекеті жағдайлары бұзылса;
- 3) адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне келтірілген материалдық залалдың мөлшері жүз мыңнан екі жүз мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткішті құраса, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай өңірлікке жатады.

4. Егер авария, табиғи зілзала немесе апат салдарында төтенше жағдай Қазақстан Республикасының үш және одан да көп облысының аумағында болса не шектес мемлекеттердің аумағын қамтыса, бұл ретте мынадай салдардың бірі туындаса немесе туындауы мүмкін болса:

- 1) 200-ден астам адам қаза болса;
 - 2) 1500-ден астам адамның тіршілік әрекеті жағдайлары бұзылса;
 - 3) адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне келтірілген материалдық залалдың мөлшері екі жүз мыңнан аса айлық есептік көрсеткішті құраса, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай жаһандыққа жатады.
-